

Әдістемелік кабинет

Әдістемелік кабинет колледж оқытушыларының әдістемелік жұмысын үйлестіру және ұйымдастыру үшін құрылған.

Әдістемелік кабинет жұмысына циклдік әдістемелік комиссия төрағалары, оқытушылар, кітапхана қызметкерлері қатысады.

Әдістемелік кабинеттің қызметі қолданыстағы заңнама, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің нормативтік құжаттары, колледж Жарғысы негізінде жүзеге асырылады.

Әдістемелік кабинет міндеттері

1. Білім беру бағдарламаларын іске асыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.
2. Білім беру процесінің жаңа технологияларын, әдістерін, құралдары мен нысандарын әзірлеу, енгізу және қолданыстағыларын жетілдіру.
3. Шығармашылық ойлауды дамыту, оқытушылардың біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруды қамтамасыз ету, педагогикалық ұжымның ғылыми – әдістемелік әлеуетін жетілдіру.

Әдістемелік кабинет жұмысының негізгі бағыттары:

- оқу-бағдарламалық құжаттаманы, әдістемелік нұсқауларды оқу процесінде қолдану және енгізу бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- орта кәсіптік білім беру саласындағы білім беру қызметін регламенттейтін нормативтік құжаттарды, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, тақырыптық мерзімді басылымдарды, сондай-ақ оқу және білім беру қызметінің түрлері бойынша үздік әдістемелік әзірлемелерді жинақтау және жүйелеу;
- әдістемелік кеңесті ұйымдастыруға көмек;
- орта кәсіптік білім берудің мазмұны мен даму бағыттары, инновациялар, жаңа педагогикалық технологиялар және т.б. туралы жедел ақпарат;
- озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату;
- педагогикалық семинарлардың, практикумдардың, конференциялардың жұмысын қамтамасыз ету;
- әдістемелік көрмелер (презентациялар) өткізу;
- жалпы және жеке психологиялық, педагогикалық, дидактикалық және басқа мәселелер бойынша топтық және жеке консультациялар ұйымдастыру.